

РЕЗЮМЕ

Эхинококкоз – биогельминтоз, инвазия циркулирует среди домашних и диких животных, а также у человека. Эхинококкоз не только вредит здоровью животных и человека, но и наносит большой экономический ущерб стране. ВОЗ и Международное Эпизоотическое Бюро включило эхинококкоз в список болезней, подлежащих радикальному искоренению.

RESUME

Hydatid biogelminitoz, invasion circulated among domestic and wild animals, as well as in humans. Echinococcosis not only harms human animal health, but also causes great economic accept country. WHO and OIE included hydatid disease in the disease list to be radical eradication.

УДК 619:616.33 – 009.11

Ф. К. Кайратова, магистрант

Ф. Б. Закирова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ДИСПЕПСИЯҒА ШАЛДЫҚҚАН БҰЗАУЛАРДЫ ПОЛИТЕРБЕТ ФИТОПРЕПАРАТЫМЕН ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Аннотация

Диспепсияға шалдыққан бұзауларды политербет фитопрепаратымен емдеу және алдын алу жолдары анықталады. Препарат фармакологиялық белсенді субстанциядан, қайыңның ішкі қабығынан алынды. Политербет қауіпсіз, кең спектрлі спецификалық белсенді, ең бастысы – антитоксикалық және диареяға қарсы қабілетті. Бауырдың метаболикалық қызметін қалпына келтіреді, метаболизм бұзылғанда, диарея және интоксикация кезінде, диспепсияның алдын алуда және емдеуде әсері жоғары.

Түйін сөздер: бұзау, диспепсия, алдын алу, емдеу, политербет, фитопрепарат, бауыр, регенерация, метаболизм, интоксикация, диарея.

Клиникалық тәжірибеде төлдердің диспепсиясы әсіресе, улы диспепсия төлдердің дамуында тұрақты кездесетінін көрсетеді. Алайда, осы ауруды түбегейлі емдеу және алдын алу шаралары жоқ. Сондықтан олардың шешімін іздеу өткір мәселе болып отыр. Осыған байланысты, атап айтқанда, биологиялық белсенділігі кең спектрлі табиғи қосылыстар, яғни, аз зерттелген тритерпеноид ерекше назар аудартты. Құрамында қабынуға қарсы миниралюртикоид бар, ас қорыту бездері функциясын ынталандыруда спазмолитикалық әсері бар, бірақ ветеринарияда өте аз қолданады [1].

Диспепсия өміршендік қабілеттерінің төмендеуімен сипатталады. Диспепсия деген сөз қазақша қорытылмау деген мағына береді. Жас төл уыз, сүт ему кезінде ас қорыту органдарының жұмыс істемей, организмде зат алмасу процесі бұзылатын, сөйтіп төлді шығынға ұшырататын зілді ауру. Диспепсиямен әлсіз болып туылған төлдермен қатар, сау төлдерде өмірінің алғашқы он күндігіне дейін ауырады. Диспепсия ауруын тудыратын себептер күрделі де көп. Аурудың пайда болуы енесінің организмінің, төлдің жалпы физиологиялық және ас қорыту жүйесінің қалпына, жас төлді күтіп-бағу жағдайы мен мал дәрігерлік-санитарлық жағдайларға тығыз байланысты болады [1,2].

Ғалымдардың соңғы жылдарда жүргізген зерттеулер бойынша жаңа туған бұзау диспепсиясының шығуына буаз сиырлар, әсіресе, буаздығының үшінші кезеңінде жеткіліксіз азықтандырылып, сулы азықтарды көп беріп, қорада ұзақ ұстап, серуендетуге шығармау себеп болатыны анықталды. Іштегі төлдің өсуі мен дамуы, анасының ағзасынан плацента арқылы келетін, қорек заттардың әсерінен болады. Буаздық пайда болғаннан бастап онда барлық физиологиялық процестер өзгеріске ұшырайды, жиналған ақуыздар, майлар, көмірсулар,

минералды және т.б. заттар дамып келе жатырған төлдің ағзалары мен ұлпаларының түзілуіне белсенді түрде жұмсалады. Осыған орай буаздығының алғашқы кезеңінде жануарлар азықты толыққанды қабылдамаса, қоңдылығы нашар болса, оларда қоректік заттар қоры тез таусылады, бұл өз кезегінде төлдің дамуына әсерін тигізеді. Диспепсиямен нәтижелі күресу үшін оны дер кезінде және дұрыс балау қажет. Ол үшін балауды кешенді түрде жүргізеді, сондықтан анамнез мәліметтерін, клиникалық және лабораториялық зерттеу нәтижелерінің қортындысын біріктіріп пайдалану керек [3].

Анамнез жинау кезінде шаруашылықтың індетті және жұқпалы емес аурулардан аман екенінің анықтап, азығының сапасын, бағып-күтілуі ескеріледі. Туу және туғанға дейінгі кезіндегі малдың организмінің жалпы жағдайын, аурудың алғашқы клиникалық көрінуі анықталады.

Жоғарыда айтылғандарға орай, бұл мәселенің шешімін табу мақсатында біз жануарларды диспансеризациядан өткізіп, талдау жүргіздік.

Біздің жұмысымыздың мақсаты, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, аурудың шаруашылықта таралуы, диспепсияны тудыратын факторларды талдау, анықтау болды, политебет препаратының тәжірибелік үлгісін алу, диареяға қарсы, антитоксикалық, алмасу белсенділігін, ерекшелігін және зиянды еместігін қарау, бақылау, жануарлардың жас ерекшеліктері, азықтандыру, бағу секілді сұрақтарға зерттеу жүргізілді.

Зерттеу жұмысы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Аққозы селолық округінде орналасқан «Сатыбалды» ЖШҚ-да жүргізілді.

«Сатыбалды» шаруа қожалығы негізінен ірі қара мал шаруашылығымен айналысады. Жалпы ірі қара мал саны 200 бас, оның ішінде 130 бас аналық сиыр, 30 бас құнажын, 20 бас бұқа, 70 бас бұзау бар.

Зерттеу материалы ретінде аталмыш шаруашылықтың 70 бас төл алынды. Зерттеу кезінде төлдердің жас ерекшеліктері, азықтандырылуына, бағылуына көңіл бөлінді.

Бұл шаруашылықта сиырлардың барлығы қолдан ұрықтандырылады. Малды жаз жайлауда және қыста қорада ұстайды. Төсеніш ретінде шөп жабындысын қолданады.

Жүргізілген зерттеу бойынша, 2015 жылы шаруашылық бойынша диспепсиямен ауырған малдың орташа көрсеткіші 10 % құрады, яғни диспепсиямен ауырған төл басы 13.

Зерттеу нәтижесінде диспепсия ауруына көбінесе көктем айларында (наурыз-мамыр) туылған бұзаулар шалдығатынын анықтадық. Бұл, жазда, жайылым кезеңінде анасының ағзасында жинақталған қоректік заттар көбіне көктемге қарай таусылып қалуымен түсіндіріледі. Бұндай сиырлардан алынған бұзауларды мал дәрігерлері – гипотрофиктар деп атайды. Олар физиологиялық тұрғыдан толық жетілмеген, өмірлік функциялары төмен және әртүрлі ауруларға бейім болады.

Буаз жануарларды лас, ылғалды, нашар желдетілетін қораларда серуенге шығармастан ұстау, санитарлық талаптарға сай келмейтін жағдайда бұзаулатқанда бұзауларда диспепсия ауруының пайда болуының себептері. Осы аталған факторлар анасының ішіндегі төлдің ағзасына әсер етіп, оның әртүрлі ағзалар жүйесінің құрылысының және қызметінің жетілмей қалуын тудырады. Бұл кезде төлдер әлсіз туылып, оларды тұру және ему рефлекстері кеш пайда болады [4,5].

Сонымен қатар жаңа туылған бұзаулардың жағдайы, бұзаулауға дұрыс дайындалмаған сиырлардың уызының аз мөлшерде бөлінуімен де ушыға түседі.

Аналары мен жаңа туылған бұзауардың қанының ақуызы құрамында А витаминінің, каротиннің, кальций және органикалық емес фосфордың болуы және уыздың ақуызы құрамындағы каротин мен А витаминінің болуының арасындағы байланыс бар екендігі анықталған. Көп жағдай, бірінші сауылған уызбен (сарысулы ақуыздарға, каротинге және А витаминіне бай) қоректенген бұзаулар, диспепсия ауруына сирек шалдыққан.

Төлдер диспепсиясының алдын алу және емдеуде политебет препаратымен емдеу қолданылады. Ішек қызметінің бұзылуында, гипермоторика, жоғары су секрециясында және электролит кезінде политебеттің антидиареялық қызметтері анықталған. Өткір улану кезінде политебет антитоксикалық және алмасу әсерін көрсететіні анықталған. Төлдің диспепсияға шалдығуына негізгі себеп босанғанға дейінгі кезеңдiң метаболикалық бұзылулардың болуы, туа бітті гипертрофияға әкеліп соғады. Диспепсиямен ауыратын төлдер алмасу терапиясына мұқтаж болған соң тағайындайды. Политебет препаратын қолдану бұзауларда диспепсияның

алдын алады және ауырған жануарларды емдеп шығарады, бауыр қызметі қалпына келеді және сыртқы ортаның спецификалық емес факторынан қорғайды [6].

Аурудың дамуы мен жас төлдердің физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегі мәселелерді дұрыс шешуге тырысу керек:

- Ас қорыту жүйесінің бұзылған қызметін қалпына келтіру;
- Организмнің сусыздануына қарсы күресуі;
- Дисбактериозды қалпына келтіру;
- Организмнің улануына қарсы күресуі;
- Жүректің қызметін жақсарту;
- Организмнің биологиялық тонусын көтеру.

Ауырған әрбір малға жекелей көңіл бөліп, емдеу жан жақты жүргізілуі тиіс. Ол үшін ауру малдың күтімін, азықтандырылуын жақсартумен қатар аурудың дамуын тежеуге, белгілеріне қарсы бағытталған және диеталық емдеу әдістерін үйлестіріп қолдану керек [7].

Тәжірибе жүргізу үшін 1-5 күн аралығындағы ауруға шалдыққан төлдерді 2 топқа бөліп алынды. 1 топ регидральтан ерітіндісімен емделетін 6 бас төл. 2 топ политеербет фитопрепаратымен емделетін 7 бас төл.

Жетіспейтін судың, макроэлементтердің орнын толтыру үшін және ішектің жиырылу қабілетін қалыптастырып, ас қорыту процесін жақсарту үшін регидральтан ерітіндісі қолданылады. Бұл ерітінді шаруа қожалықта жасалынды. Құрамында (гр):

- Хлорлы натрий (NaCl) – 3,0
- Сусыз, екі валентті ауыстырылған фосфор қышқыл натрий – 1,3
- Бір валенттілігі ауыстырылған фосфор қышқыл калий – 8,0
- Ұнтақталған кальций глюконаты – 10,0
- Күкірт қышқыл магний – 2,0
- Танин – 2,0
- Альбунид – 2,0
- Ұнтақталған глюкоза – 100,0
- Қайнаған су – 2л.

Осы ерітінді қоспасын ішкен бұзаулар тынышталып ұйықтайды, іш өтуі басылады. Іш өтудің алғашқы белгілері кезінде уыз алмастырғыш ретінде 2 литрден 1 рет, күніне 3-4 рет диарея басылғанша ұсынылды. Аталған ерітіндімен емделген бұзаулардың гематологиялық көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілді.

1 кесте – 1 топтағы регидральтанмен емдеген бұзаулардың гематологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер / емдеу күндері	Емдеуге дейін	3 күн ем қабылдағаннан кейін	7 күн ем қабылдағаннан кейін	Қалыпты жағдайда
Эритроциттер, $\times 10^{12}/л$	5,8	6,0	6,3	5,0-7,5
Гемоглобин, г%	4,9	5,9	7,4	9,0-12,0
Лейкоциттер, $\times 10^7/л$	9,0	7,4	6,0	4,5-12,0

2 топтағы тәжірибелік топтағы ауру төлдерге политеербет фитопрепараты қолданылды. Құрамында 23% крахмал, 8% кальций стеараты бар. Диареяға қарсы белсенді болып табылады. 75 мг/кг дозасында сауыққанға дейін күніне 2-3 рет беріледі. Политеербет фитопрепаратымен емделген бұзаулардың гематологиялық көрсеткіштері 2-ші кестеде көрсетілді.

2 кесте – 2 топтағы политеербет препаратымен емдеген бұзаулардың гематологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер/ емдеу күндері	Емдеуге дейін	3 күн ем қабылдағаннан кейін	7 күн ем қабылдағаннан кейін	Қалыпты жағдайда
Эритроциттер, $\times 10^{12}/л$	5,8	6,0	7,5	5,0-7,5
Гемоглобин, г%	4,9	8,0	9,8	9,0-12,0
Лейкоциттер, $\times 10^7/л$	9,0	7,7	6,6	4,5-12,0

Бұзаулардың емделуге дейінгі, ем алу уақытындағы сонымен қатар емнің нәтижесіндегі жалпы көрсеткіштері 3-кестеде көрсетілді.

3 кесте – Емдік шара жүргізілген бұзаулардағы температура, тыныс алу жиілігі, жүрек соғысы және месқарынның жиырылуы.

Көрсеткіштер/ емдеу күндері	Бұзаулардың топтары							
	1 тәжірибелік топ				2 тәжірибелік топ			
	Т°С	Т.алуы/ мин	Ж. соғысы/ мин	Месқарын жиырылуы 2мин	Т°С	Т.алуы/ мин	Ж. соғысы/ мин	Месқарын жиырылуы 2 мин
Емдеуге дейін	38,4	16,0	68	9	38,4	16,0	68	9
Емнің 3-ші күні	38,8	19,0	71	7	38,5	18,0	76	5
Емнің 7-ші күні	39,2	23,0	75	5	39,1	22,0	73	4
Қалыпты жағдайда	38,5-40,0	12-25	70-80	3-5				

Әдетте ауру төлдің өмірге келген соң 3-5-ші күнінде ас қорытудың бұзылуынан және зат алмасудың бұзылуынан пайда болады. Ауру бұзаулар жігерсіз, аз қимылдайды және тәбеті болмайды. Ішектің перистальтикасы қатты және алыстан естіледі. Дефекация жиі және ауыр түрде өтеді. Бұзаулар көбіне мойнын және басын созып, аяқтарын ішіне тартып жатады.

Нәжісі ботқа тәрізді немесе сұйық консистенциялы, сары-қоңыр түсті, кейде жасыл түсті, ащы жағымсыз иісті және шырышты болады.

Политербет препараты диспепсия кезінде ішектің моторлық қызметін жақсартады және артық су секрециясын және шырышты қабықтағы электролиттерді тежейді.

Политербеттің антитоксикалық қасиеттері бар: ағзадағы морфофункционалдық бұзылуларды қалпына келтіреді, мембрананы тұрақтандырушы әсері бар, метаболикалық процесті қалпына келтіреді.

Политербетті жана туған төлдерге ішке 75 мг/кг дозасында қолданады, екінші рет уыз беруден кейін тәулігіне 2 рет азықтандыру уақытында 5 күн аралығында бауыр қызметі жақсарып, резистенттілігі жоғарылайды, диспепсияның алдын алынуы 52,5%.

Бұзаулар диспепсиясында политербетті аталған дозада күніне 2-3 рет азықтану уақытынан бастап сауыққанға дейін қолданса ауруды 1,5-1,8 есе қысқартуға болады, ал аман қалуы 8-10%.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абрамов С.С. Профилактика незаразных болезней молодняка / С.С. Абрамов и др. – М.: Агропромиздат, 1990. – С. 175.
- 2 Алексин М.М. Профилактика диспепсии новорожденных телят этерофибрином и лактобактерином / М.М. Алексин // Матер. межд. коорд. совещ. «Экологические проблемы патологии, фармакологии и терапии животных» (19-23 мая). – Воронеж, 1997. – С. 320-321.
- 3 Анохин Б.М. Гастроэнтерология телят / Б.М.Анохин. – Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1985. – 170 с.
- 4 Винников Н.Т. Дегидратация у больных диспепсией телят: Автореф. дис... докт. вет. наук. – Воронеж, 1995. – 37 с.
- 5 Кондрахин И.П. Структура потребления кормов — основа профилактики внутренних болезней животных / И.П. Кондрахин // Ветеринарные и зооинженерные проблемы в животноводстве и научно-методическое обеспечение учебного процесса: Материалы 2 международной науч.-практич. конф. – Витебск, 1997. – С. 109-110.
- 6 Кавардаков Ю.Я. Опыт лечения при применении регидральтана / Ю.Я. Кавардаков // Тр. Омского вет. ин-та. – Омск, 1983. – Т. 10. – С. 7-9.
- 7 Щербаков Г.Г. Профилактика острых желудочно-кишечных болезней // Профилактика внутренних незаразных болезней и лечение крупного рогатого скота в промышленных комплексах /А.Н.Баженов, В.У.Давыдов, А.А.Ефимов и др.; Под ред. А.Н.Баженова. – Ленинград: Агропромиздат, Ленингр. отд-ние, 1987. – С. 49-62.

РЕЗЮМЕ

Разработан способ профилактики и лечения диспепсии телят новым фитопрепаратом «Политербет». Препарат получен на основе фармакологически активной субстанции, выделенной из внешней коры березы. Политербет безвреден, имеет широкий спектр специфической активности, основная способность – антитоксическая и противодиарейная. Стимулирует метаболическую функцию печени, способствует регенерации, высокая эффективность политербета при профилактике и лечении диспепсии телят, обусловленной нарушением метаболизма и сопровождающейся интоксикацией и диареей.

Ключевые слова: телята, диспепсия, профилактика, лечение, политербет, фитопрепарат, печень, регенерация, метаболизм, интоксикация, диарея.

RESUME

A method for prophylaxis and therapy of calf dyspepsia with a new phytopreparation Polyterbet is developed. The preparation is obtained on the basis of a pharmacologically active substance isolate from the outer rind of the birch. Polyterbet is innocuous, has a wide spectrum of specific activity, antitoxic and antidiarrheal effects are its main features. The preparation stimulates a metabolic function of the liver and promotes regeneration of injured tissues. These properties determine a high efficacy of Polyterbet for prophylaxis and therapy of dyspepsia in calves that is caused by disturbance and intoxication and diarrhea.

Keywords: calves, dyspepsia, prophylaxis, therapy, Polyterbet, pilytopreparation, liver, regeneration, metabolism, intoxication, diarrhea.

UDC 619:616.995.132:1-085

R. S. Karmaliyev, doctor of veterinary sciences, associate professor

K. E. Murzabaev, candidate of veterinary sciences

Zhangir khan West Kazakhstan agrarian-technical university, Uralsk, Kazakhstan, karmalyev@mail.ru

HELMINTHS RUMINANTS IN WEST KAZAKHSTAN

Abstract

In West Kazakhstan, cattle is infested with *Fasciola gigantica*, *Moniezia benedeni* and strongilata of digestive tract. Low efficiency (60-70%) of fenbendazole and albendazole against strongilata of gastrointestinal tract in Atyrau region, where these drugs are used the last 5-10 years, and high (100%) - in West Kazakhstan region, where they were applied. This indicates that the development of resistance in gastrointestinal strongilata of ruminants to the action benzimidazole carbamates.

Keywords: ruminants, helminthes, anthelmintics, West Kazakhstan.

Introduction

West Kazakhstan includes four regions. In the north-west – West Kazakhstan and Aktobe, in the south-west – Atyrau and Mangistau.

In the region, helminthiasis of lungs, digestive tract, liver and larval cestodosis (2, 6) are noted at ruminants.

The main method of combating helminth of farm animals is still chemotherapy.

Prolonged use of drugs contributes to the development of parasites resistance to it. The degree of resistance to some parazitotsid is so great that makes chemotherapy unprofitable. The development of resistance in helminths to anthelmintic evolved from veterinary problems to economic (3, 4.7).

Anthelmintic resistance – is the ability of individual worms migrate dose that is lethal for most of them in the normal population of the same species of helminth (5, 7).